## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Мектепке дейінгі ұйым атауы: ЖШС «Бақытты бала» балабақшасы

**Топ:** «Қошақан» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3жас

Қыркүйек айы. 12.09-16.09.2022ж 3-апта

«Тексерілді»:________

Әдіскер:Ж.С.Давлеткалиева

Тәрбиешілер: Г.Ғ.Елмұратова.

С. Қарымсақова.

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Балабақшаға саяхат **Сюжеттік ойын:** «Менің балабақшам» **Мақсаты:** Балаларға «Балабақша» туралы түсінік беру олардың үлкенді сыйлауға үйрету, қызметкерлердің жұмысымен таныстыру. **Қоршаған ортамен танысу** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Әнұран айту **Дидактикалық ойын** «Менің үйім» **Мақсаты:**Түрлі-түсті ағаштардын биік үй құрастыру. **Құрастыру** | **Қимылды ойын:** «Кім жылдам» Мақсаты: Түрлі-түсті стакандардан биік ғимарат құрастыру. **Құрастыру** | **Сөздік ойын** «Жаңылтпаш» **Мақсаты:** Тәрбиешінің сөзін балалар жалғастыру.Сөйлеу тілін дамыту. **Сөйлеуді дамыту** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Табиғатпен танысу Табиғат неткен көрікті, Жапырақтай жайқалып, Гүлдей жайнап өсеміз. Бір отырып, бір тұрып, Билеп-билеп аламыз. **Қоршаған ортамен танысу** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес** | **Ата-аналармен әңгіме:** | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата- | **Ата-аналармен әңгіме:** | **Ата-аналармен әңгіме:** | **Ата –аналармен әңгіме:** «Дұрыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **беру** | Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дидактикалық ойын**<br>«Бұл не? Кімге керек?»<br>**Мақсаты:** Балабақша қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру.<br>**Қоршаған ортамен танысу** | **«Мен дәрігер боламын»**<br>**Мақсаты:** Балалар бір - бірімен ойнау арқылы өздерін дәрігер сезіне алады. | **«Әдемі үйшік»**<br>**Мақсаты:**Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады.<br>**Құрастыру** | **«Шаштараз»**<br>**Мақсаты:**Балалар ойын арқылы шаш қиюшының еңбегін түсінеді. | **Үстел –үсті ойыны:**<br>«Менің балабақшам»<br>**Мақсаты:** Түрлі-түсті ағаштар көмегімен балабақшасын құрастыру.<br>**Құрастыру** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **ҚР әнұраны орындалады**<br>1,Жүру аяқтың ұшымен, өкшемен, жәй жүру, қолды белге қойып жүру, шеңбер болып жүру.<br><br>2.1 б/қ. аяқ бірге қол төмен.<br>1 қолды алға созу, | 1.Б/қ. аяқтың арасы алшақ, қол белде.<br>1-оң жаққа қарай иілу, 2б/қ. оралу 3 сол жаққа қарай иілу 4б/қ. оралу.<br>4-5 рет қайталау.<br><br>2.Б/қ. аяқтың арасы ашық, қол иықта.<br>1-2 алға қолды | 1.Б/қ. аяқтың арасы алшақ, қол белде.<br>қолды алға созу, 2 отыру, 3тұру, 4 б/қ. оралу 4-5рет.<br><br>2.Аяқты алмастырып секіру. 7-8 секунд<br><br>3.Еркін тыныс алу жаттығулары. | 1.Б.қ аяқ иық деңгейіде, қолдары кеуде тұсында, шынтақтары бүгілген, саусақтары жұдырыққа түйілген осы күйінде қолдарын кезек-кезек айналдыру.<br>2.Аяқтары сәл | 1.Негізгі тұрыс, доп оң қолда,<br>1-қолдарымызды екі жаққа созамыз<br>2-қолдарымызды жоғары көтереміз, допты екінші қолға ауыстырып қоямыз, 3-қолдарымызды екі жаққа созамыз, 4-б.қ<br>4-5 рет |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2 оңға қарай қолды айқастыру, 3 солға қарай қолды айқастыру. 4б/қ. оралу 4-5 рет. | сермеу, 3-4 артқа қарай сермеу 4-5 рет. | | ашылған, қолдары артқа өарай жіберілген.Отыр ып қолдарымен тізесін құшақтау, тұру, қолдарын артқа жіберу. | |
| **Таңғы ас** | **Ойын-жаттығу «Таза қолдар»** Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын» | **«Ас адамның арқауы»** Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап | Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. **Сөйлеуді дамыту** | Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру. Ойын: «Көңілді трактор» | «Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме **Көркем әдебиет** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Не артық»** Мақсаты: Суретте көрсетілген артық суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады. **Сурет салу, жапсыру** | **«Тәрбиеші апайлар»** тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсаты: Тақпағын қайталай отырып апайларын жақсы көре алады. **Көркем әдебиет** | **«Теңін тап»** Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады. **Мүсіндеу** | **«Дүкенші»** Мақсаты: Балалар мағынасын түсініп топтасып ойнауды түсінеді. **Қоршаған ортамен танысу** | **«Кім шапшаң»** Мақсаты : Балалар топтасып ойнай алады **Сөйлеуді дамыту** |
| **Білім беру** | **Дене** | **Музыка** | **Дене** | | **Дене шынықтыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **шынықтыру** Педагог жоспары бойынша. | **Тақырыбы:** «Менің сүйікті ойыншықтарым» **Мақсаты:** Жоғары, төмен дыбыстарды ажырату. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау. Ойыншықтарды жинақы ұстауға, достарымен бірігіп ойнауға тәрбиелеу. **Әуенді ырғақты қимылдар**: «Қуыршақпен би»«Бөбегім» Ғ.Дауылбаева **Музыка тыңдау:** «Кір қуыршақ» И.Нүсіпбаев **Ән айту**: ««Тату доспыз бәріміз» Е.Меңдешов **Ойын ойнау:** «Үлкен, кіші қоңыраулар» дидактикалық ойын | **шынықтыру** Педагог жоспары бойынша. | | Педагог жоспары бойынша. |
| **Серуенге** | Балалалардың | Серуенге ойын | Серуенде | Серуен кезінде | Табиғатқа деген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | құралдарын дайындау. | балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. | қызығушылықтарын арттыру. |
| **Серуен** | **Бақылау: «Күзгі желдің бағытын бақылау»** **Мақсаты:** Балаларға желдің қай бағытта соғып тұрғанын,қандай леп арқылы соғып тұрғаны жөнінде жалпы түсінік беру.Балалардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін арттыру. **Еңбек:** Балаларға желдің бағытымен ұшқан күзгі жапырақтарды жинату.. **Қимылды ойындар:** «Жел көбік». Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс- | **Бақылау: «Қоңыр күзді бақылау, салыстыру»** **Мақсаты:** Қоңыр күзгі табиғатты бақылау,алғашқы күзбен салыстыру, ерекшеліктерін сұрау,қоңыр күзде күннің суық болатынын, жапырақтар түсіп бітіп, тек қоңыр түсті болатынын айту.Ағаштар жапырақтарынан ажырап , жапырақтардың да күз айларында түстерін өзгертіп тұратынын айтып түсіндіру. **Еңбек:**Құмсалғыштағы құмды күрекшелермен көтеру. | **Бақылау: «Күзгі құстардың тіршілігін бақылау»** **Мақсаты:** Балаларға құстардың күзгі тіршілігін бақылату. Олардың іс-әрекеттері туралы әңгімелеу.Күзгі құстардың дауысын тыңдау. Құстардың атын атап, еске сақтау қабілеттерін, тілдерін дамыту. **Еңбек:** Құстарға жем беру. **Қимылды ойындар:** «Сұр қоян жуынады» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері | **Бақылау: «Солып қалған гүлдерді бақылау»** **Мақсаты:** Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстырып өтіп, балабақша ауласындағы күзгі гүлдерге назар аударту.Жазғы гүлдер мен күзгі гүлдердің ерекшеліктері, айырмашылықтары туралы әңгімелеу. **Еңбек:** Қурап қалған гүлдердің тұқымдарын жинау. **Қимылды ойындар:** «Абай бол», Балалардың өз | **Бақылау: «Алтын күзді бақылау»** **Мақсаты:** Күз туралы білімдерін тиянақтау.Байланыстырып сөйлеу тілін,көркемдік талғамын,күз мезгілінің сұлулығын бағалап көре білуге тәрбиелеу. **Еңбек:** Жапырақтар жинау. **Қимылды ойындар:** «Жалаушаға қарай жүгір» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеттері | **Қимылды ойындар:** «Үрпек төбет», «Жасырынбақ» Мақсаты:Шапшаңдық-қа баулу. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері | | еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.<br><br>«Көшедегі үйлер»<br>**Мақсаты:** Балаларға жалпы үйлер туралы түсінік беру. Көшедегі үйлерді әр түрлі фигуралардан қиып жапсыруға дағдыландыру.<br>**Жапсыру** | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.<br>**Құрастыру, жапсыру** | Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала.Кім салқын сумен жуынса – батыр бала ол бала.Ал егерде ол жуынбаса – ештене деп аталмайды ол бала.<br><br>«Табиғатта қандай өзгерістер болды?»<br>**Мақсаты:** Балаларға жыл мезгілдерін қайталату. Жанды және жансыз табиғат туралы түсіндіру.<br>**Қоршаған** | Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.<br><br>**«Күзгі орман»**<br>**Мақсаты:** Күз мезгілі туралы жалпы білімдерін қалыптастыру.<br>Күзгі орман туралы түсініктерін әрі қарай толықтыру.<br>**Көркем әдебиет** | Достарымен ішке кіру.<br>«Менің досым»<br>**Мақсаты:** Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **ортамен танысу** | | |
| **Түскі ас** | Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. | Тағамды асықпай жеу керек. | Ас ішер алдында қолыңды жуу керек. | Мақал-мәтел: Тату үйдің тамағы-тәтті. | Ыдыспен ойнамау, қолдарын сермеп тамақты шашпау. |
| **Күндізгі ұйқы** | Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі | «Әлди –әлди ұйықтайғой» **Сөйлеуді дамыту** | «Бесік жырын» тыңдату | «Бауырсақ» ертегісін оқып беру **Көркем әдебиет** | «Жақсы жатып, жайлы тұр!» |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **1. Табанды шынықтыру массажы** Таяқтарды жылжытып, Массаж жасау білеміз. Он аяққа 1-2-3, Сол аяққа 1-2-3. **2..«Денсаулық» жолымен жүру.** Әдемі ирек жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз | 1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтын ұшын өзімізге қарай тартамыз Ішімізде жатып басымызды аяғымызды | Майтабанның алдын алу. ( 2 минут) Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтын ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру. Арнайы жолдармен жүру. Орындықта отырып аяғымызды оңға | Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. ( 2 минут) Қолымызды жоғары көтеріп оңға қарай , солға қарай жоғары созыламыз еденге тигіземіз Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз. Демалу жаттығулары Жіпке байланған | .Ояну жаттығуы. Қайырлы таң, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы таң, құлақтарым!(құлақ тарын сипау) Қайырлы таң, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы таң, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы таң, аяқтарымыз! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нүктелі, Массаж жасау білеміз. «Денсаулығым керемет, жаттығуға рахмет!» | жоғары көтеру Ойын «Жаз бен күз» оң жаққа қарап жатып күз дегенде тіземізді құшақтап алу, күзде суық тонамыз , жаз дегенде керілеміз | солға тербету. ( 3-4 рет) | күзгі жапырақтарды үрлеу | (аяқтарын сипау) |
| **Бесін ас** | Ас мәзірімен таныстыру.Бір-біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. | Балалардың назарын тағамға аудару. | Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. | «Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. | Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дербес ойын «Қуыршақты тамақтандыр». Мақсаты:**Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру. **Мүсіндеу** | **Танымдық-қимылды ойын:** «Аңдар жүрісі» **Мақсаты:**Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады. **Қоршаған ортамен танысу** | **Суреттік боямалар «Кім,қайда өмір сүреді»** Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады. **Сурет салу** | **Кітаппен жұмыс «Аспазшы»** Мақсаты: Балалар аспазшы туралы түсіндіре алады. **Сөйлеуді дамыту** | **Дербес ойын «Мозайка»** Мақсаты:Балалар мазайканың ұсақ бөліктерін орналастыра алады. **Құрастыру** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Жеке баламен жұмыс:** | **Жеке баламен жұмыс:** | **Жеке баламен жұмыс:** | **Жеке баламен жұмыс:** | **Жеке баламен жұмыс:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Анисаға қаламды дұрыс қолдануға үйрету.<br>**Сурет салу** | Полинаға түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту** | Інжудің құрастыруға деген қызығушылығын арттыру.<br>**Құрастыру** | Алияға қаламды дұрыс ұстауға үйрету.<br>**Қоршаған ортамен таныcу** | Аманға суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру.<br>**Сурет салу** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау. | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. | Балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенге шығамыз деген нұсқаумен барлық балалар орындарына тұру. | Балаларды табиғатпен таныстыру. |
| **Серуен** | Балабақша ауласына серуен, балалармен әңгімелесу<br>-Күзде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>- Ауа- райы салқындайды, ағаштардың жапырақтары сарғайып , жерге түседі, шөп сарғайып қурайды.<br>Тамыздың жылы күндерінен кейін алтын күз келді. Күз барлық ағаштар мен бұталарды өз бояуына бояйды, | **«Қай мезгілде болады?»**<br>Мақсаты: Балалардың көру арқылы қабылдау, ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорларын молайту | **Қимылды ойын:** «Өз орныңды тап»<br>**Мақсаты:** Баланың шапшаңдығын , байқағыштығын, зейінін дамыту<br>**Көрнекіліктер:** Сандар жиынтығы | **Қимылды ойын:** **«Керісінше»**<br>**Мақсаты:** Балалардың тыңдай алу қабілетін, қимыл қозғалыс әрекетін дамыту | **«Қрлығаш гимнастикасы»**<br>**Мақсаты:**баланы сергіту, дене мүшелерінің қимыл – қозғалысын дамыту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | біреуін –сары, енді біреуін - ашық қызыл түске бояйды. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау. | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Алиханның ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару. | Кеңес: «Бала мен қоғам» Ашық сабақтың болу мерзімін айтып, киімдерін дайындап қою туралы айту. |